

*Мемлекеттік тіл-
Менің тілім!*





***Тілден артық
қазына жоқ,
Тілден артық
қасиет жоқ.***

Н.А.НАЗАРБАЕВ



Қазақстан Республикасының Ата заңы Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып, 1989 жылы мемлекеттік мәртебе алды деп жазылған. Тілдер күні 22 қыркүйек болып белгіленді.



Қазақстан Республикасындағы тіл туралы

1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы

4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі.*
 - Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.*
 - Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.*
 - Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар: Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға;*
- Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға;*
- қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті.*



*Қазақстан Республикасында
халықтардың бірлігін сақтау мақсатында
ел басымыз Н.А.Назарбаев қолдауымен
елімізде Қазақстан халқының
Ассамблеясы құрылды.*



*«Сөзі жоғалған жұрттың өзі
де жоғалады»-деп ұлы
ақынымыз, жерлесіміз*

*А. Байтұрсынов айтқандай,
мемлекеттік тілді үйрену біз
үшін үлкен дәреже.*

*Мемлекеттік тіл біздің болашақ
мамандығымызға қажет.*